

Кәсіби практика
өту үшін студент-практиканттарға арналған
ЖАДЫНАМА

Университеттің білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес студенттер кәсіби практиканың келесі түрлерінен өтеді:

Бакалавриат-педагогикалық білім беру бағдарламалары (БББ)

- оқу;
- психологиялық-педагогикалық;
- педагогикалық, 3 курс;
- өндірістік педагогикалық, 4 курс.

Педагогикалық білім беруді жаңғырту жобасы шеңберінде іске асырылатын университеттің білім беру бағдарламалары (ІР) бойынша студенттер кәсіби практиканың келесі түрлерінен өтеді:

- мұғалім мамандығына кіріспе;
- психологиялық-педагогикалық бағалау;
- педагогикалық тәсілдер;
- білім берудегі зерттеулер мен инновациялар.

Бакалавриат-барлық басқа білім беру бағдарламалары (БББ)

- оқу;
- өндірістік, 2 курс;
- өндірістік, 3 курс;
- өндірістік, 4 курс.

1. Кәсіптік практика оқу барысының құрама бөлігі болып табылады және теориялық білімдерді тереңдету және бекіту мақсатын атқарады.

2. Студент практикаға шығар алдында алуы керек: әдістемелік нұсқауын, жеке тапсырмаларын (дипломдық жұмыстар/жоба бойынша); практика күнделігін.

3. Студент практикаға шығар алдында практиканың мазмұны мен бағдарламасымен танысуы керек және тиісті әдебиетті зерттеп біліп, практика жетекшісінен және деканнан практиканың әдістемесі бойынша қажетті ақыл-кеңес алуы керек.

4. Күнделікті студенттің өзі толтырады: істеген жұмыстарының орындау мерзімін көрсете отырып, күнделікті жұмыстары жазылуы тиіс. Базалық кәсіпорындағы практика жетекшісінің қолымен күәландырылады. Практиканың аяқталуы алдында сол жетекшіден қол қойылған және мөр басылған мінездеме алуы керек.

5. Практика туралы есептемеде келесі сұрақтар қамтылады: практика базасы, практикадан өту тәртібі мен мерзімі туралы жалпы мәліметтер, жұмыстың мақсаты мен міндеті, жеке тапсырмаларды орындау туралы қысқаша хабарлама, қызықтыратын мәселелерді талдау және жалпылау.

6. Жеке тапсырмалар бойынша есептеу нәтижелері белгіленген мерзімдерде берілген тақырыппен сәйкес құрылып, безендіріледі.

7. Практика аяқталғаннан кейін студент кафедраға: практика күнделігін, базалық кәсіпорындағы практика жетекшісінің мінездемесін, практика туралы есептемесін өткізуі керек.

8. Практика туралы есептемені студент арнайы комиссияның алдында қорғап, қабылданған жүйе бойынша бағаланады.

9. Егер студент практикаға немқұрайлы қарап, тәртіпті бұзса немесе қорғауға толық дайындықсыз келіп, практика бағдарламасы бойынша біліксіздігін танытса бұзушылықтың сипатына қарай қайта оқу жылына қалдырылады немесе студент қатарынан шығарылады.

10. Практика нәтижелерінің бағасы теориялық пәндер бойынша емтихандық бағалармен қатар есепке алынады.